

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, орналастырудың, айналысқа қосудың, қызмет көрсетудің және өтеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі N 466 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 473 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 473 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 206-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, орналастырудың, айналысқа қосудың, қызмет көрсетудің және өтеудің ережесін бекіту туралы.

2. 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды соңғы өтеу сәтінен бастап мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, орналастырудың, айналысқа қосудың, қызмет көрсетудің және өтеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қыркүйектегі N 941 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., N 33, 451-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қыркүйектегі N 941 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 тамыздағы N 813 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., N 32, 434-құжат).

3. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

K. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 3 сәуірдегі
N 466 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, орналастырудың, айналысқа қосудың, қызмет көрсетудің және өтеудің ережесі 1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді (бұдан әрі - қазынашылық міндеттемелер) шығарудың, орналастырудың, айналысқа қосудың, қызмет көрсетудің және өтеудің тәртібін анықтайды.

2. Қазынашылық міндеттемелер Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі эмиссиялайтын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады.

2-taraу. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар

Ескерту. 2-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) эмитент - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

2) қаржы агенті - эмитентпен жасалған қазынашылық міндеттемелерді орналастыру туралы агенттік келісімнің негізінде эмитенттің атынан және оның тапсырмасы бойынша міндеттемелерді орналастыруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) орталық депозитарий – "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының Заны (бұдан әрі – Зан) 45-бабының 2-1-тармағында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыратын мамандандырылған коммерциялық емес акционерлік қоғам. Орталық депозитарий эмитентпен жасасқан шартқа сәйкес төлем агентінің функцияларын және қазынашылық міндеттемелерді есепке алу және оларға қызмет көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асырады;

4) қазынашылық міндеттемелерді орналастырудың ішкі ережесі - оның негізінде қаржы агенті қазынашылық міндеттемелерді орналастыруды жүзеге асыратын қаржы агентінің эмитентпен келісілген ішкі құжаты;

5) қазынашылық міндеттемелерге қызмет көрсету мен өтеудің ішкі ережесі – оның негізінде орталық депозитарий қазынашылық міндеттемелерге қызмет көрсетуді және оларды өтеуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің эмитентпен келісілген ішкі құжаты;

6) бастапқы дилер – белгіленген тәртіппен қазынашылық міндеттемелерді орналастыруға қатысуға жіберілген және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша эмитент белгілеген талаптарға сәйкес келетін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

7) арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді орналастыру жөніндегі агент (бұдан әрі - агент) - жеке тұлғалардың банк шоттарын ашуға және жүргізуге, атаулы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметпен, трансфер-агенттік қызметпен айналысуға арналған лицензиясы бар, эмитентпен жасалған агенттік келісімнің негізінде эмитенттің атынан және оның тапсырмасы бойынша арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерін орналастыруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

8) депонент – орталық депозитарийдің клиенті болып табылатын ұйым.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.01. N 1295, 31.12.2013 № 1541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 13.12.2018 № 832 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен .

4. Эмитенттің бас қаржы агенті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі болып табылады, ол эмитентпен жасалған бас агенттік келісімнің негізінде ішкі қаржы нарығында қарыз алу мәселелері бойынша эмитенттің қаржылық кеңесшісінің функцияларын жүзеге асырады.

3-тaraу. Қазынашылық міндеттемелерді шығарудың, орналастырудың, айналысқа қосудың, оларға қызмет көрсетудің және өтеудің жалпы шарттары

Ескерту. 3-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Қазынашылық міндеттемелер құжатталмаған нысанда шығарылады.

6. Әрбір шығарылымның орталық депозитарий Заңға сәйкес беретін халықаралық сәйкестендіру номірі (ISIN) болады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Қазынашылық міндеттемелер жазылу, аукцион (қайталама аукцион) өткізу арқылы және қазынашылық міндеттемелерді орналастырудың ішкі қағидаларында белгіленген басқа да сауда тәсілдерімен орналастырады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Қазынашылық міндеттемелерді және олар бойынша құқықтарды есепке алу орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоттар және орталық депозитарийдің депоненттерін номиналды ұстауды есепке алу жүйелеріндегі бағалы қағаздарды ұстаушылардың дербес шоттары бойынша және (немесе) орталық депозитарийдің клиенттері болып табылатын және Заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген, номиналды ұстаушының функцияларына ұқсас функцияларды жүзеге асыратын шетелдік ұйымдардың есепке алу жүйелеріндегі шоттар бойынша жүзеге асырылады. Орталық депозитарий төлем агентінің функцияларын жүзеге асырады, оған, егер осы Ережеде өзгеше көзделмесе, бастапқы нарықта орналастыру кезінде қайтала ма нарықта қазынашылық міндеттемелерді айналысқа қосу және өтеу кезінде қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру, сондай-ақ қазынашылық міндеттемелерге қызмет көрсету (сынақы есептеу және төлеу) кіреді.

Агент төлем агентінің функцияларын жүзеге асырады, оларға бастапқы нарықта арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерін орналастыру кезінде арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелері бойынша есеп айырысу кіреді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Қазынашылық міндеттемелердің әрбір шығарылымының көлемі мен шарттарын Қазақстан Республикасының тиісті кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген үкіметтік борыш пен оған қызмет көрсетуге арналған шығыстар лимитінің шегінде әмбебант белгілейді.

10. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру, қызмет көрсету және өтеу тәсілдерінің шарттары мен рәсімдері, егер осы Ережеде өзгеше көзделмесе, қазынашылық міндеттемелерді орналастырудың ішкі ережесімен және тиісінше қазынашылық міндеттемелерге қызмет көрсету және өтеу ережесімен белгіленеді

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.01. N 1295 Қаулысымен.

11. Егер осы Ережеде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес заңды және жеке тұлғалары бастапқы дилерлер арқылы қазынашылық міндеттемелерді сатып ала алады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.01. N 1295 Қаулысымен.

12. Эмбебант қазынашылық міндеттемелердің мынадай түрлерін:

- 1) қысқамерзімді қазынашылық міндеттемелерді;
- 2) ортамерзімді қазынашылық міндеттемелерді;
- 3) ұзақмерзімді қазынашылық міндеттемелерді;
- 4) ортамерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерді;
- 5) ұзақмерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерді;
- 6) ұзақмерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерді;
- 7) арнайы ортамерзімді қазынашылық міндеттемелерді;
- 8) TONIA (Tenge Over Night Index Average) мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелерді;
- 9) TONIA (Tenge Over Night Index Average) TCI (TONIA Compounded Index) индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелерді шығаруды, орналастыруды, айналысқа қосуды, қызмет көрсетуді және өтеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 18.12.2024 № 1070 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Орталық депозитарий орналастырылған қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысулады жүзеге асырған күн, егер осы Ережеде өзгеше көзделмесе, қазынашылық міндеттемелерді айналысқа қосудың басталған күні болып есептеледі. Қазынашылық міндеттемелерді айналысқа қосу, егер осы Ережеде өзгеше көзделмесе, осы міндеттемелерді өтеген күннің алдындағы соңғы күн өткенде аяқталады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Егер осы Ережеде өзгеше көзделмесе, осы міндеттемелер бойынша сыйақы есептелетін бірінші күн болып оларды айналысқа қосу басталған күн, ал соңғы күн болып - оларды өтеген күннің алдындағы соңғы күн есептеледі.

Қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақы төлеу қазынашылық міндеттемелердің жекелеген түрлерін шығарудың шарттарымен белгіленген күндерде жүргізіледі. Егер қазынашылық міндеттемелерді шығару шарттарында өзге мерзім көзделмесе, соңғы сыйақыны төлеу қазынашылық міндеттемелерді өтеу күнімен сәйкес келеді. Егер қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақы төлеу күні жұмыс күніне келмесе, онда төлем жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.01. N 1295 Қаулысымен.

15. Қазынашылық міндеттемелерді өтеу, егер осы Ережеде өзгеше көзделмесе, оларды айналысқа қосу мерзімі аяқталғаннан кейінгі бірінші күні атаулы күн бойынша жүргізіледі. Егер қазынашылық міндеттемелердің атаулы құнын өтеу

күні жұмыс істемейтін күнге келсе, онда өтеу жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Үкіметінің 2009.09.01. № 1295 Қаулысымен.

16. Егер қазынашылық міндеттемелерді шыгару шарттарында өзгеше көзделмесе, эмитент қайталама нарықта нарықтық баға бойынша қазынашылық міндеттемелердің белгілі бір шыгарылымның бүкіл немесе ішінара көлемін сатып алуға және оларды өтеуге құқылы.

Бағалы қағаздардың қайталама нарығында қазынашылық міндеттемелерді сатып алуды эмитенттің қазынашылық міндеттемелерінің айналысы кезеңі ішінде жүзеге асырады.

Сатып алынған қазынашылық міндеттемелерді сақтау орталық депозитарийде жүзеге асырылады.

Қазынашылық міндеттемелерді сатып алуды эмитент қаржы агентінің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады, онда ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында кері сатып алуды жүргізу үшін қажетті тәртіп қамтылады.

Қазынашылық міндеттемелердің белгілі бір шыгарылымының бір бөлігін немесе бүкіл көлемін сатып алу туралы эмитенттің шешімі орталық депозитарийдің және қаржы агентінің назарына жеткізіледі. Орталық депозитарий және қаржы агенті осы хабарламаны алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұл туралы қазынашылық міндеттемелерді ұстаушыларға хабарлайды.

Қазынашылық міндеттемелерді сатып алу қазынашылық міндеттемелерді ұстаушылар хабарламаны алғаннан кейін күнтізбелік 14 күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Қазынашылық міндеттемелердің әрбір шыгарылымын кері сатып алудың көлемі мен шарттарын эмитент қазынашылық міндеттемелерді ұстаушылармен келісу арқылы айқындайды.

Қазынашылық міндеттемелерді кері сатып алуды жүргізу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Эмитенттің қазынашылық міндеттемелерді кері сатып алуды жүргізу туралы шешімі эмитенттің және қаржы агентінің ресми сайтында жарияланады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16-1. Эмитент қазынашылық міндеттемелердің айналыстағы белгілі бір шыгарылым (-дар-)ын эмитент белгілеген тәртіппен осы қазынашылық міндеттемелердің барлық ұстаушыларының келісімі бойынша нарықтық немесе өзге құны бойынша қазынашылық міндеттемелердің жаңа шыгарылымына

алмастыруды жүзеге асыра алады. Қазынашылық міндеттемелерді алмастыру оған тілек білдірген қазынашылық міндеттемелерді ұстаушыларда ғана жүргізіледі.

Айналыстағы қазынашылық міндеттемелердің белгілі бір шығарылымын қазынашылық міндеттердің жаңа шығарылымына алмастыру туралы әмитенттің шешімі орталық депозитарийдің және қаржы агентінің назарына осындай сатып алу күніне дейін 20 (жиырма) жұмыс күні бұрын жеткізіледі. Қаржы агенті, өз кезегінде осы хабарламаны алғаннан кейін бес (5) жұмыс күні ішінде бұл туралы бастапқы делдалдарға хабарлайды.

Ескерту. 3-бөлім 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Қазынашылық міндеттемелермен операциялар бойынша салық салу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

4-тaraу. Қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелер

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелер дисконтталған эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады.

19. Қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелердің атаулы құны - 100 теңге.

20. "Мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме" атауы мемлекеттік тілде "Мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттеме" (МЕККАМ) деп аталады.

21. Қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелер үш, алты, тоғыз және он екі ай айналысқа қосу мерзімдерімен шығарылады.

22. Сыйақыны есептеу үшін қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді айналысқа қосу мерзімінде күндердің іс жүзіндегі саны пайдаланылады.

23. Қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді орналастыру дисконтталған баға (атаулы құннан төмен баға) бойынша өтеу - атаулы күн бойынша жүзеге асырылады.

24. Қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді иеленушілер Занда белгіленген шектеулерді қоспағанда, қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелермен жасалатын барлық операцияларды орталық депозитарий депоненті арқылы ресімдейді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5-тaraу. Орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер

Ескерту. 5-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер купонды эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады.

26. Орта мерзімді қазынашылық міндеттеменің атаулы құны - 1000 теңге.

27. "Мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттеме" атауы мемлекеттік тілде "Мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттеме" (МЕОКАМ) деп аталады.

28. Орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер бір жылдан жоғары бес жылға дейін қоса алғанда айналысқа қосу мерзімдерімен шығарылады.

29. Орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді орналастыру және өтеу атаулы құн бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте айналысқа қосу мерзімінің ішінде орналастырған кезде белгіленген купон деп аталағының сыйақы төленеді.

30. Орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер бойынша купонның сомасын есептеу үшін есеп айырысу базасы - есеп айырысу айында 30 құн/есеп айырысу жылында 360 құн.

31. Орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер бойынша купонды төлеу орта мерзімді қазынашылық міндеттемелердің тиісті айналысқа қосу жылы жылына екі рет әмитент белгілеген күндері жүзеге асырылады.

32. Купон сомасы мынадай формуламен анықталады:

$$S=N \cdot C \cdot 180 / 360$$

мұнда,

S, теңге - кезекті төлемге жататын орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер купонның сомасы;

N, теңге - кезекті төлемге жататын орта мерзімді қазынашылық міндеттемелердің тиісті саны атаулы құнының сомасы;

C, % - купон ставкасы.

33. Орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді иеленушілер Занда белгіленген шектеулерді қоспағанда, орта мерзімді қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор орта мерзімді қазынашылық міндеттемелермен жасалатын барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6-тaraу. Ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелер

Ескерту. 6-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34. Ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелер купонды әмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады.

35. Ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттеменің атаулы құны - 1000 теңге.

36. "Мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттеме" атауы мемлекеттік тілде "Мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттеме" (МЕУКАМ) деп аталады.

37. Ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелер бес жылдан жоғары айналысқа қосу мерзімімен шығарылады.

38. Ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелерді орналастыру және өтеу атаулы құны бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте, айналысқа қосу мерзімі ішінде орналастыру кезінде анықталған купон деп аталатын сыйақы төленеді.

39. Ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелер бойынша купон сомасын есептеуге арналған есеп айырысу базасы - есеп айырысу айында 30 күн/есеп айырысу жылында 360 күн.

40. Ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелер бойынша купон төлемі ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелердің тиісті айналысқа қосу жылы жылына бір рет әмитент белгіленген күндерде жүзеге асырылады.

41. Купон сомасы мынадай формуламен анықталады:

$$S=N*C$$

мұнда,

S, теңге - кезекті төлемге жататын ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелер купонының сомасы;

N, теңге - кезекті төлемге жататын ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелердің тиісті саны атаулы құнының сомасы;

C, % - купон ставкасы.

42. Ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелерді иеленушілер Заңда белгіленген шектеулерді қоспағанда, ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелермен жасалатын барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7-тaraу. Орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелер

Ескерту. 7-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. Орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелер купонды эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады.

44. Орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеменің атаулы құны - 1000 теңге.

45. "Мемлекеттік орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеме" атауы мемлекеттік тілде "Мемлекеттік орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеме" (МОИКАМ) деп аталады.

46. Орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелер бір жылдан жоғары бес жылға дейін қоса алғанда айналысқа қосу мерзімдерімен шығарылады және алты ай еселігі болуы тиіс.

47. Орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерді орналастыру және өтеу атаулы құны бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте айналысқа қосу мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді.

48. Егер эмитент қазынашылық міндеттемелерді шығарудың өзгеше күнін көздемесе, орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерді орналастыру айдың соңғы күнінің алдындағы жұмыс күні жүргізіледі.

49. Орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша купон сомасын есептеуге арналған есеп айырысу базасы - есеп айырысу айында 30 күн/есеп айырысу жылында 360 күн.

50. Индекстелген купон төлемі тиісті кезеңділікпен жылына екі рет эмитент белгілеген күндерде орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша индекстелген купон төлемі айналысқа қосатын әрбір алты тоłyқ күнтізбелік ай сайын айдың бесінші жұмыс күнінде жүргізіледі.

51. Орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерге салынған ақшаны индекстеу тіркелген купонды қосудан алғынған, орналастыру кезінде анықталған индекстелген купонды және өткен купондық кезең үшін инфляция индексін есептеу арқылы жүргізіледі.

52. Индекстелген купон сомасы мынадай формуламен анықталады:

$$S=N*I/100+C$$

мұнда,

S, теңге - кезекті төлемге жататын орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелердің индекстелген купонының сомасы;

N, теңге - кезекті төлемге жататын орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелердің тиісті саны атаулы құнының сомасы;

I, % - төлемге жататын өткен купон кезеңі үшін инфляция индексі,

бұл ретте,

$$I = (((I_1 / 100) * (I_2 / 100) * (I_3 / 100) * \dots * (I_n / 100)) - 1) * 100,$$

мұнда,

$I_1, I_2, I_3, \dots, I_n$ - купондық кезеңінде тиісті айлары үшін тұтыну бағасының индекстері, I мәні үтірден кейін үш (қоса алғанда) санға дейін дөңгелектенеді;

C, - тіркелген купон сомасы;

бұл ретте,

$$C = N * K * 180 / 360,$$

мұнда,

K, % - орналастыру кезінде анықталған тіркелген жылдық купонның мәні.

53. Тұтыну бағасының индексін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілдегі орган ай сайын жариялады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. Егер өткен купондық кезең үшін инфляция индексі теріс мәнге тең болған жағдайда, онда инфляция индексінің мәнін нөлге тең деп қабылдау қажет.

55. Орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерді иеленушілер Заңда белгіленген шектеулерді қоспағанда, орта мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор орта мерзімді индекстелген міндеттемелермен жасалатын барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8-тaraу. Ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелер

Ескерту. 8-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56. Ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелер купонды эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады.

57. Ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеменің атаулы құны - 1000 теңге.

58. "Мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеме" атауы мемлекеттік тілде "Мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттеме" (МУИКАМ) деп аталады.

59. Ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелер бес жылдан жоғары айналысқа қосу мерзімдерімен шығарылады және он екі ай еселігі болуы тиіс.

60. Ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерді орналастыру және өтеу атаулы құны бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте, айналысқа қосу мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді.

61. Егер эмитент қазынашылық міндеттемелерді шығарудың өзгеше күнін көздемесе, ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерді орналастыру айдың соңғы күнінің алдындағы жұмыс күні жүргізіледі.

62. Ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша купонның сомасын есептеу үшін есеп айырысу базасы - есеп айырысу айында 30 күн/есеп айырысу жылында 360 күн.

63. Индекстелген купон төлемі тиісті кезеңділікпен жылына бір рет эмитент белгілеген күндерде ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша индекстелген купон төлемі айналысқа қосатын әрбір алты тоłyқ күнтізбелік ай сайын айдың бесінші жұмыс күнінде жүргізіледі.

64. Ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерге салынған ақшаны индекстеу тіркелген купонды қосудан алынған, орналастыру кезінде анықталған индекстелген купонды және өткен купондың кезең үшін инфляция индексін есептеу арқылы жүргізіледі.

65. Индекстелген купон сомасы мынадай формуласын анықталады:

$$S=N*I/100+C,$$

мұнда,

S, теңге - кезекті төлемге жататын ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелердің индекстелген купонының сомасы;

N, теңге - кезекті төлемге жататын ұзақ мерзімді индекстелген

қазынашылық міндеттемелердің тиісті саны атаулы құнының сомасы;

I, % - төлемге жататын өткен купондың кезең үшін инфляция индексі, бұл ретте,

$I - (((I_1 / 100) * (I_2 / 100) * (I_3 / 100) * \dots * (I_n / 100)) - 1) * 100;$

мұнда,

$I_1, I_2, I_3, \dots, I_n$ - купондық кезеңдің тиесті айлары үшін тұтыну бағаларының индекстері, I мәні үтірден кейін үш (қоса алғанда) санға дейін дөңгелектенеді;

C, - тіркелген купон сомасы;

бұл ретте, $C = N * K$,

мұнда,

K, % - орналастыру кезінде анықталған тіркелген жылдық купонның мәні.

66. Тұтыну бағасының индексін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ай сайын жариялады.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

67. Егер өткен купондық кезең үшін инфляция индексі теріс мәнге тең болған жағдайда, онда инфляция индексінің мәнін нөлге тең деп қабылдау қажет.

68. Ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерді иеленушілер Занда белгіленген шектеулерді қоспағанда, ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор ұзақ мерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелермен жасалатын барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9-тaraу. Ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелер

Ескерту. 9-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

69. Ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелер купонды эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады.

70. Ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттеменің атаулы құны - 1000 теңге.

71. "Мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттеме" атауы мемлекеттік тілде "Мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттеме" (МЕУЖКАМ) деп аталады.

72. Ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелер "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша активтер мен міндеттемелерін "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ-ға берген күнге дейін жинақтаушы зейнетақы қорлары, өмірді сақтандыру компаниясы, сондай-ақ "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ арасында орналастырылады.

Қазынашылық міндеттемелерді айналысқа қосу мерзімінің екіден бір бөлігі "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелердің "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ-на беру күніне дейін жинақтаушы зейнетақы қорлары, өмірді сақтандыру компаниясы, сондай-ақ "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ арасында жүзеге асырылады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін қазынашылық міндеттемелерді айналысқа қосу еркін негізде жүзеге асырылады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

73. Ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелер бес-жылдан жоғары айналысқа қосу мерзімімен шығарылады және он екі ай еселігі болуы тиіс.

74. Ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерді орналастыру және өтеу атаулы құны бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте айналысқа қосу мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді.

75. Егер эмитент қазынашылық міндеттемелерді шығарудың өзгеше күнін көзdemесе, ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерді орналастыру айдың соңғы күнінің алдындағы жұмыс күні жүргізіледі.

76. Ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелер бойынша купонның сомасын есептеу үшін есеп айырысу базасы - есеп айырысу айында 30 күн/есеп айырысу жылында 360 күн.

77. Индекстелген купон төлемі тиісті кезеңділікпен жылына бір рет эмитент белгілеген күндерде ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелер бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелер бойынша индекстелген купон төлемі айналысқа қосатын әрбір он екі толық қүнтізбелік ай сайын айдың бесінші жұмыс күнінде жүргізіледі.

78. Ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерге салынған ақшаны индекстеу тіркелген купонды қосудан алынған, орналастыру кезінде анықталған индекстелген купонды және өткен купондық кезең үшін инфляция индексін есептеу арқылы жүргізіледі.

79. Индекстелген купон сомасы мынадай формуламен анықталады:

$$S=N*I/100+C,$$

мұнда,

S, теңге - кезекті төлемге жататын ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелердің индекстелген купонының сомасы;

N, теңге - кезекті төлемге жататын ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелердің тиісті саны атаулы құнының сомасы;

I, % - төлемге жататын өткен купондық кезең үшін инфляция индексі, бұл ретте,

$$I-(((I_1/100)*(I_2/100)*(I_3/100)*...*(I_n/100))-1)*100,$$

мұнда,

$I_1, I_2, I_3, \dots, I_n$ - купондық кезеңнің тиісті айлары үшін тұтыну бағаларының индекстері, I мәні үтірден кейін үш санға дейін (қоса алғанда) дөңгелектенеді;

C, - тіркелген купон сомасы;

бұл ретте, C=N*K,

мұнда,

K, % - орналастыру кезінде анықталған тіркелген жылдық купонның мәні.

80. Тұтыну бағасының индексін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ай сайын жариялады.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

81. Егер өткен қупондық кезең үшін инфляция индексі теріс мәнге тең болған жағдайда инфляция индексінің мәнін нөлге тең деп қабылдау қажет.

82. Ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерді иеленушілер Занда белгіленген шектеулерді қоспағанда, ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10-тарау. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер

Ескерту. 10-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.03.2022 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 10-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.01. N 1295 Қаулысымен.

83. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер қупондық эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады.

84. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелердің атаулы құны - 10 АҚШ долларына баламалы теңгедегі сома.

85. "Мемлекеттік арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттеме" деген атауы мемлекеттік тілде "Мемлекеттік арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттеме" (МАОКАМ) деп аталады.

86. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер екі және үш жыл айналысқа қосу мерзімдерімен шығарылады.

87. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді орналастыру агент арқылы жазылуды жүргізу жолымен Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғалары арасында ғана жүзеге асырылады.

Агентті тарту туралы шешімді әмитент қабылдайды. Агенттерді іріктеу әлеуетті агенттердің осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкестігін, әлеуетті агенттер ұсынатын арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді орналастыру жөніндегі шарттардың қолайлылығын бағалау жолымен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тендер негізінде жүзеге асырылады. Тендердің қорытындылары бойынша әмитент агентпен агенттік келісім жасасады.

88. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді және олар бойынша құқықтарды есепке алу депозитарийдегі депоненттердің дербес шоттары бойынша және депоненттердің дербес шоттарында ашылған инвесторлардың жеке қосалқы шоттарында жүзеге асырылады.

89. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер бойынша құқықтарды растау орталық депозитарийді есепке алу жүйесінде арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді ұстаушының қосалқы шотынан не атаулы ұстаушыны есепке алу жүйесінде арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді ұстаушының дербес есеп шотынан үзінді көшірме беру жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

90. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерге жазылу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей әмитент орталық депозитарийге арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді шығару туралы мәліметтерді береді

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

91. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелердің шығарылымына жазылу басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей әмитент бұқаралық ақпарат

құралдары және агент арқылы арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді шығару туралы жариялайды. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді шығару туралы хабарландыру мыналарды: арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерге жазылу және сатып алу, оларды айналысқа қосу тәртібін, шығарылған күнін және нөмірін, айналым мерзімін, сыйақы ставкасын, сыйақы төлеу және өтеу күнін, сыйақы сомасын есептеу әдісін, өтінімдерді қабылдау орнын қамтуы тиіс.

92. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерге жазылу 10 (он) жұмыс күні ішінде жалғастырылады. Эмитент жазылу мерзімін 10 (он) жұмыс күніне дейін ұзартса алады. Жазылу мерзімін ұзартқан жағдайда, эмитент жазылу мерзімін ұзарту басталған күнге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы агентті және орталық депозитарийді хабардар етеді және қажет болған кезде арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді шығару туралы мәліметтерді береді.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

93. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерге жазылуды жүзеге асыру кезінде жеке тұлғалар осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған өтінімді агентке береді және өтінімде көрсетілген арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелердің санына сәйкес келетін сомада сатып алынатын арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер үшін ақы төлеуді жүргізеді. Өтінімдер бойынша ақы төлеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі өтінімдер берілетін күнге белгілеген теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы бойынша қолма-қол да және сол сияқты қолма-қол емес нысанда да теңгемен жүзеге асырылады.

94. Жеке тұлғаның агенттің атаулы ұстауының есепке алу жүйесінде ашылған жеке шоты болмаған жағдайда, өтінімді берумен бір мезгілде жеке тұлға шотты ашуға бұйрықты және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесін қоса бере отырып, брокерлік қызмет көрсету және атаулы ұстау жөніндегі қызметтерді көрсетуге жасалатын шарттың негізінде агенттің ішкі құжаттарына сәйкес дербес шот ашады. Агент орталық депозитарийді есепке алу жүйесінде тиісті қосалқы шот ашуды тиіс.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

95. Жазылу жүргізу кезеңінде арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға жеке тұлғалар берген өтінімдер кері қайтарылмайды.

96. Жазылу жүргізу кезеңінде агент операциялық шығыстар үшін жеке тұлғалардан төлем алмайды. Осы шығыстар агенттік келісімге сәйкес эмитент агентке төлейтін комиссиялық сыйақының сомасына енгізіледі.

97. Жазылу жүргізілетін кезенде агент өтінімдерді жұмыс күні қабылдайды. Агент келесі күні сағат 11.00-ге дейін қабылданған және қанағаттандырылған өтінімдердің жиынтық ведомосін қалыптастырып, эмитентке және бастапқы орналастыруға арналған бұйрықтарды орталық депозитарийге жібереді.

Орталық депозитарий қабылданған бұйрықтардың негізінде арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді тиісті қосалқы шоттарға есепке жазады және сол күнгі сағат 12.00-ге дейін бұйрықтардың орындалуы (орындалмауы) туралы есептерді агентке жібереді.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

98. Агент орталық депозитарийдің есебін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан түсетін қаражатты эмитентке аударады.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

99. Жазылу аяқталған күнінен бастап екінші күні эмитент арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді орналастыру нәтижелерін агентке жібереді.

100. Агенттің қызметтері үшін комиссиялық сыйақы төлеу тәртібі агенттік келісіммен анықталады. Комиссиялық сыйақы мөлшері осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес анықталады.

101. Жазылу аяқталған күнінен кейінгі келесі күн арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді айналысқа қосудың басталған күні болып есептеледі. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді айналысқа қосу осы міндеттемелерді өтегенге дейін екі жұмыс күні бұрын аяқталады.

102. Қазақстан Республикасының резидент жеке және заңды тұлғалары қайталама нарықта арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді сатып ала алады.

103. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді ұстаушы болып табылатын жеке тұлға бағалы қағаздардың қайталама нарығында арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелері бар операциялар жасасу туралы шешім қабылдаған жағдайда мәміле жеке тұлға мен агент арасындағы брокерлік қызмет көрсету мен атаулы ұстау жөніндегі қызметтерді көрсетуге жасалған шарттың негізінде жасалады.

104. Агент арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді ұстаушылар болып табылатын жеке тұлғалардан брокерлік қызмет көрсеткені үшін төлем алмайды. Осы шығыстар агенттік келісімге сәйкес эмитент агентке төлейтін комиссиялық сыйақы сомасына енгізіледі.

105. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақы төлеу мерзімділігі - жарты жылдық. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді ұстаушыларға сыйақы төлеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі сыйақы төлеу күніне белгілеген теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы бойынша теңгемен төлем күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелермен жасалатын операциялар сыйақы төлеу күніне дейін екі жұмыс күні бұрын тоқтатылады және сыйақы төлеу күнінен бастап екі жұмыс күні өткен соң қайта басталады.

106. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер бойынша купонның сомасын есептеу үшін есеп айырысу базасы - есеп айырысу айында 30 күн/есеп айырысу жылында 360 күн.

107. Купон сомасы мынадай формуласмен анықталады:

$$S = N * C * 180/360$$

мұнда,

S, теңге - кезекті төлемге жататын арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер купонының сомасы;

N, теңге - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі сыйақы төлеу күніне белгілеген теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы бойынша кезекті төлемге жататын арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелердің тиісті саны атаулы құнының сомасы;

C, % - купон ставкасы.

108. Сыйақы төлеу күніне дейін 2 (екі) жұмыс күні бұрын орталық депозитарий сыйақы алуға құқығы бар ұстаушылардың тізімін қалыптастырады және сыйақы төлеуге жататын АҚШ долларындағы жалпы сома туралы мәліметтерді эмитентке жібереді.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

109. Сыйақы төлейтін күні сағат 16.00-ге дейін эмитент алдағы сыйақы төлеу туралы мәліметтерде көрсетілген сомадағы ақшаны сыйақы төлеу күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы бойынша теңгемен орталық депозитарийдің позициясына аударады.

Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

110. Сыйақы төлейтін күні сағат 17.00-ге дейін орталық депозитарий әмитенттен түскен ақшаны осы Ереженің 108-тармағына сәйкес қалыптастырылған тізімге сәйкес депоненттерге аударады.

Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

111. Депонент сыйақы төлеу күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді ұстаушыларға сыйақы төлеуді жүзеге асырады.

112. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді өтеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі өтеу күніне белгілеген теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы бойынша теңгемен атаулы күн бойынша арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді өтеу күнінен бастап, екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

113. Арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелері бар мәмілелерді тіркеу арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді өтеу күніне дейін екі жұмыс күні бұрын тоқтатылады.

114. Өтеу күніне дейін 2 (екі) жұмыс күні бұрын орталық депозитарий өтеу кезінде ақша алуға құқығы бар ұстаушылардың тізімін қалыптастырады және өтеуге жататын АҚШ долларындағы жалпы сома туралы мәліметтерді әмитентке жібереді.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1541 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

115. Өтеу күні сағат 16.00-ге дейін әмитент алдағы өтеу туралы мәліметтерде көрсетілген сомадағы ақшаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өтеу күніне белгілеген теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы бойынша теңгемен орталық депозитарийдің позициясына аударады.

Ескерту. 115-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

116. Өтеу күні 17.00-ге дейін орталық депозитарий осы Ереженің 114-тармағына сәйкес қалыптастырылған тізімге сәйкес ақшаны депоненттерге аударады және сонымен бір уақытта ұстаушылардың қосалқы шоттарынан өтелетін арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді есептен шығарады.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

117. Депонент өтеу күнінен бастап екі жұмыс күнінің ішінде арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерді өтеуге ақша аударуды жүзеге асырады.

11-тaraу. TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер

Ескерту. 11-тараумен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 08.07.2022 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

118. TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер купондық эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады.

119. TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелердің номиналдық құны – 1000 теңге.

120. "TONIA мөлшерлемесіне индекстелген мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер" (МЕТИКАМ) атавы орыс тілінде "Казначейские обязательства, индексированные к ставке TONIA" деп аталады.

121. TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер бір жылдан астам айналыс мерзімімен шыгарылады.

122. TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелерді орналастыру және өтеу атаулы құны бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді.

123. TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша купонның сомасын есептеу үшін есеп айырысу базасы – есеп айырысу айында 30 күн/есеп айырысу жылында 360 күн.

124. TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша купон төлемі қазынашылық міндеттемелер айналысының тиісті жылы екі рет эмитент белгілеген күндерде жүзеге асырылады.

Купон төленетін алты айға арналған TONIA Compounded мөлшерлемесі (TCR _6M) купондық кезең аяқталатын күнге дейін 10 жұмыс күні бұрын айқындалады, бұл мөлшерлеме төлем жүзеге асырылатын купондық кезеңнің соына дейін езгермейді.

125. Индекстелген купонның сомасы мынадай формуламен айқындалады:

$$S=N*T/2+C,$$

мұнда

S, теңге – кезекті төлеуге жататын, TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелердің индекстелген купонының сомасы;

N, теңге – кезекті төлеуге жататын TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелердің тиісті санының номиналдық құнының сомасы;

Т, % – төлеуге жататын өткен купондық кезең үшін алты айға арналған TONIA Compounded мөлшерлемесі (TCR_6M), Т мәні үтірден кейінгі үшінші (қоса алғанда) цифрга дейін дөнгелектенеді;

С, теңге – тіркелген купон сомасы,
бұл ретте, $C=N*K*180/360$,
мұнда

К, % – орналастыру кезінде айқындалған тіркелген жылдық купонның мәні.

126. TONIA мөлшерлемесі – қаржы агентінің ішкі құжаттарына сәйкес есептелеңін, қор биржасында жасалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында 1 (бір) жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме.

Алты айға арналған TONIA Compounded мөлшерлемесі (TCR_6M) – қаржы агентінің ішкі құжаттарына сәйкес есептелеңін, TONIA мөлшерлемесінің мәндері негізінде алты ай мерзімге әрбір күнтізбелік күні есептелеңін TONIA құраушы мөлшерлемесі.

Алты айға арналған TONIA Compounded мөлшерлемесі (TCR_6M) күн сайын қаржы агентінің сайтында жарияланады.

Купон мөлшерлемесінің ауыспалы бөлігі (Т, % – алты айға арналған TONIA Compounded мөлшерлемесі (TCR_6M) қағаз айналысы мерзімі ішінде күн сайын езгеріп отырады, бұл мөлшерлеме қаржы агенті есептеген соңғы TCR_6M мәніне тең болады.

127. Егер өткен купондық кезең үшін алты айға арналған TONIA Compounded мөлшерлемесі (TCR_6M) теріс мәнге тең болса, онда алты айға арналған TONIA Compounded мөлшерлемесінің (TCR_6M) мәні нөлге тең деп қабылданады.

128. TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелерді иеленушілер Занда белгіленген шектеулерді қоспағанда, TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелермен барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2024 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12-тaraу. TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер

Ескерту. 12-тарумен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 18.12.2024 № 1070 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

129. TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер купондық эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылады.

130. TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелердің номиналдық құны – 1000 теңге.

131. "TONIA TCI индексіне индекстелген мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер" (МЕТИСКАМ) атауы орыс тілінде "Казначейские обязательства, индексированные к ставке TONIA TCI" деп аталады.

132. TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер бір жылдан астам айналыс мерзімімен шығарылады.

133. TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелерді орналастыру және өтеу атаулы құны бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді.

134. TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша купонның сомасын есептеу үшін есеп айырысу базасы – бүкіл айналым кезеңінде айдағы күндердің іс жүзіндегі саны/есеп айырысу жылында 365 күн.

135. TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша купон төлемі қазынашылық міндеттемелер айналыста болатын тиісті жылды екі рет эмитент белгілеген күндерде жүзеге асырылады.

TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша купон мөлшерлемесі купондық кезең аяқталатын күнге дейін 10 жұмыс күні бұрын айқындалады және бұл мөлшерлеме төлем жүзеге асырылатын купондық кезеңнің соына дейін өзгермейді.

136. Индекстелген купонның сомасы мынадай формууламен айқындалады:

$$S=N*T/2+C,$$

мұнда:

S, теңге – кезекті төленетін, TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелердің индекстелген купонының сомасы;

N, теңге – кезекті төленетін TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелердің тиісті санының номиналдық құнының сомасы;

T, % – өткен төленетін купондық кезең үшін TONIA TCI көрсеткішіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша купон мөлшерлемесі, Т мәні үтірден кейінгі үшінші (қоса алғанда) цифрға дейін дөңгелектенеді. Т мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$T=(TCI \text{ (TONIA Compounded Index)} \text{ соына}/TCI \text{ (TONIA Compounded Index)} \text{ басына-1})*365/d$

мұнда:

TCI (TONIA Compounded Index) соына – алдағы купон төленетін күнге дейінгі он жұмыс күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша TONIA композиттік индексінің мәні;

TCI (TONIA Compounded Index) басына – алдыңғы купон төленетін күнге немесе қазынашылық міндеттемелердің айналысы басталатын күнге дейінгі он жұмыс күнінің алдындағы күн бойынша TONIA композиттік индексінің мәні;

d – TCI (TONIA Compounded Index) басына және TCI (TONIA Compounded Index) сонына анықтау күндері арасындағы есептеу кезеңіндегі күнтізбелік күндердің іс жүзіндегі саны;

C, теңге – тіркелген купон сомасы,

бұл ретте $C=N*K/2$,

мұнда:

K, % – орналастыру кезінде айқындалған тіркелген жылдық купонның мәні.

137. TONIA мөлшерлемесі – қаржы агентінің ішкі құжаттарына сәйкес есептелеңін, қор биржасында жасалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында 1 (бір) жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме.

TCI (TONIA Compounded Index) индексі – қаржы агентінің ішкі құжаттарына сәйкес есептелеңін TONIA композиттік индексі.

TCI (TONIA Compounded Index) индексі күн сайын қаржы агентінің сайтында жарияланады.

Купон мөлшерлемесінің ауыспалы бөлігі T, % қағаз айналысы мерзімі ішінде күн сайын өзгеріп отырады және мынадай формуламен есептеледі:

$T=(TCI \text{ (TONIA Compounded Index)} \text{ есептеу күніне}/TCI \text{ (TONIA Compounded Index)} \text{ басына-1})*365/d$

мұнда:

TCI (TONIA Compounded Index) есептеу күніне – есеп айырысатын күнге дейінгі он жұмыс күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша TONIA композиттік индексінің мәні;

TCI (TONIA Compounded Index) басына – алдыңғы купон төленетін күнге немесе қазынашылық міндеттемелердің айналысы басталатын күнге дейінгі он жұмыс күнінің алдындағы күн бойынша TONIA композиттік индексінің мәні.

138. Егер өткен купондық кезең үшін TONIA TCI мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелер бойынша ауыспалы купон мөлшерлемесінің бөлігі теріс мәнге тең болса, онда ауыспалы купон мөлшерлемесінің бөлігінің мәні нөлге тең деп қабылданады.

139. TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелердің иелері заңнамалық актілерде белгіленген шектеулерді қоспағанда, TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелермен кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыра алады. Бұл ретте инвестор TONIA TCI индексіне индекстелген қазынашылық міндеттемелермен барлық операцияларды бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

Қазақстан Республикасының
мемлекеттік
қазынашылық міндеттемелерін
шығарудын,
орналастырудын, айналысқа косудын,
қызмет
көрсетудің және өтеудің ережесіне
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнайы орта мерзімді
қазынашылық міндеттемелерін сатып алуға**
N _____ ӨТІНІМ

Ескерту. 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.01. N 1295;
13.12.2018 № 832 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Осы арқылы өтінім беруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнайы
ортада мерзімді қазынашылық міндеттемелерін ("ISIN" _____) (бұдан әрі –
облигациялар) сатып алу ниеті туралы хабарлайды.

1. Өтінімді толтыру күні _____

2. Өтінімді толтыру уақыты _____

3. Өтінім берушінің аты-жөні _____

(жеке басын қуәландыратын құжатқа сәйкес)

4. Өтінім берушінің туған жылы _____

5. Жеке басын қуәландыратын құжат

(құжаттың атауы) (нөмірі)

(құжат берілген күн) (құжатты кім берген)

6. Өтінім берушінің ЖСН | _____ |

7. Тұрақты тұратын мекен-жайы _____

8. Сатып алынатын облигациялар саны (дана) _____

9. Өтінім сомасы (тенге) _____

10. Сатушы: агент арқылы әрекет ететін Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі

11. Өтінім берушінің қолы _____

_____ – Өтінімді қабылдаған

қызметкердің қолы _____ / _____
(қолы) (Аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
мемлекеттік
қазынашылық міндеттемелерін

шығарудын,
орналастырудың, айналысқа косудын,
кызмет
көрсетудің және өтеудің ережесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.01. N 1295
Қаулысымен.

Агентке төленетін комиссиялық сыйақы

Орналастыру көлемі, теңгемен		Комиссиялық сыйақы
бастап	дейін	%
50 000 000	700 000 000	6,50
700 000 000	1 000 000 000	1,90
1 000 000 000	5 000 000 000	1,80
5 000 000 000	10 000 000 000	1,70
10 000 000 000 бастап және одан жоғары		1,60

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК